

References

- 1 Akhmetova G.K., Issayeva Z.A., Alkozhayeva N.C. *Pedagogy*, Almaty: Publ. Kazakh University, 2006, p. 79.
- 2 Babayeva S.B., Onalbek Zh.K. *General pedagogy. Literature*, Almaty, 2005, p. 105.
- 3 Koyanbayev Zh.B., Koyanbayev R.M. *Pedagogy*, Almaty: Publ. Kazakh University, 2004, p. 91.
- 4 Kudiyarova A.M. *Pedagogy. Daryn*, Almaty, 2004, p. 67.
- 5 Kurmanalina Sh.Kh., Mukanova B.Zh., Galimova A.U., Iliassova R.K. *Pedagogy*, Astana: Foliant, 2007, 90 p.
- 6 Baizhanova Z.T. *General pedagogy*, Almaty: Taimas, 2008, 168 p.
- 7 Alenov Sh. *Pedagogy*. Almaty: Rost, 2001, 304 p.

ӘОЖ 372.8:004

Б.Қ.Шәушекова, Б.Дәлелхан

Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті
(E-mail: shaushekova@mail.ru)

Бастауыш мектепте «Информатика» пәнін оқытудың маңыздылығы

Мақалада бастауыш мектепте оқытылатын информатика пәнінің рөлі, ақпарат туралы алғашқы түсініктерін қалыптастыру, компьютермен жұмыс жасау жолдары баяндалған. Авторлар бастауыш сынып мұғалімдерінің сабақты қызықты өткізу, бастауыш мектеп оқушыларының сабаққа деген қызығушылықтарын көтеру мәселесін қарастырған. Білім беру жүйесіне үлкен өзгерістер алып келген ақпараттық-коммуникациялық технологияның түрлері мен құралдары сараланған. Оқушылардың танымдық қызығушылығын қалыптастыру мазмұнын анықтауға негіз болатын оқытудың жалпы дидактика негіздерінің тиімді жолдары көрсетілген.

Кілт сөздер: ақпараттық технология, бастауыш мектеп, информатика, ақпараттық-коммуникациялық технология, компьютер, кіші мектеп жасындағы балалар, компьютерлік технология, информатика курсы, бастауыш сынып мұғалімі, ойын.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында: «Білім беру жүйесінің басты міндеті — ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға және кәсіби шыңдауға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау; оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу», — делінген болатын [1].

Қазіргі уақытта адам өмірін есептеуіш техника құралдарынсыз елестету қиын. Компьютер еңбекті жеңілдетеді, бос уақытты толтырады, уақытты үнемдейді және алыс арақашықтықты қысқартады, есептейді, жазады, ақпаратты сақтайды ғаламтор арқылы бүкіл әлеммен тілдесуге жол ашады. Бүгінгі таңда компьютер арқылы көркем туындылар жасалынады, музыкалар жазылады және кинофильмдер түсіріледі. Компьютер ғылыми аспаптан тұрмыстық техникаға айналады, ал онымен жұмыс жасау дағдысы мектеп оқушыларынан бастап үлкен жастағы адамдарды да баулиды.

Компьютерлер білім жүйесінде кеңінен қолдана бастағаннан бастап, «оқытудың жаңа ақпараттық технологиясы» термині пайда бола бастады. Кез келген педагогикалық технология — бұл ақпараттық технология, себебі оқытудың техникалық үдеріс негізінде ақпарат пен оның қозғалысы (өзгеріс) жасалынады.

Ақпараттық технология арқылы оқыту тәжірибесі деп арнайы техникалық-ақпараттық құралдарды пайдалануды айтады. Компьютердің білім жүйесінде кең түрде қолдана басталуынан бастап, жаңа ақпараттық технология арқылы оқыту термині пайда болды.

Компьютерлік технологиялар оқытуды жоспарлау идеясын дамытып, қазіргі заманға сай компьютердің және телекоммуникацияның бірегей мүмкіндіктерімен байланысты оқытудың әлі зерттелмеген, жаңа нұсқасын ашады. Компьютерлік (жаңа ақпараттық) оқыту технологиясы бұл компьютер көмегімен дайындық үдерісі мен ақпаратты білім алушыға жеткізу болып табылады.

Ал солардың ішінде кейінгі уақытта бастауыш мектептің білім мазмұнына информатика пәнін енгізу туралы ой толғаныстар болып жатыр.

Мектепте оқылатын информатика пәні қарқынды дамып келе жатқан информатика ғылымының мазмұнын құрайтын сан алуан мәліметтердің бәрін қамти алмайды. Дегенмен, мектеп пәні ретінде жалпы білім беру қызметін атқара отырып ғылымның мәнін ашатын, өте елеулі іргелі ұғымдар мен мәліметтерді, терминдерді қамтып, мектепте оқушыларды басқа ғылымдардың негізін оқып үйрену үшін, сонымен қатар жастарды заманауи ақпарат құралдары туралы мәлімет, өмірге сүруге қажетті білім, біліктілік, дағдылармен қаруландыруы тиіс.

Қазіргі заманғы дидактика жалпы білім беру мазмұнын анықтайтын принциптер, ғылым логикасы мен оқу пәнінің бірлігі және қарама-қайшылығы принципін ерекше атайды. Осыған байланысты, Б.Т. Лихачев айтқандай, «ғылым логикасы мен оқу пәнін құрастырудың бірлігі мен қарама-қайшылық идеясы ғылымның қайшылықтарымен дамидығын негіздеген». Ол ескішіліктер қат-қабатын бұза өзіне жол ашып, алға қарай секіріс жасайды, орнында табандап, тіпті артқа да шегінеді [2].

Бастауыш мектепте оқитын балаларға жаңа нәрсе ұсынса, олардың қызығушылықтары оянып, талапшыл, тапқыш болатындары белгілі. Осыған сәйкес жаңа ақпараттық технологияларды кез келген сабақта қолдануға итермелейді. Дәстүрлі сабақ кезінде компьютерді қолдану оқушыларға оқу материалын түсіну мен есте сақтау үдерісін тездетеді, ең бастысы, балалардың оқуға деген қызығушылығын айтарлықтай көтереді.

«Информатика» пәнін бастауыш сыныптан бастап оқуға болатындығы және оның тиімділігі дүниежүзілік тәрбие негізінде дәлелденіп отыр. Ғалымдардың, практик-мұғалімдерінің пікірінше, бұл курсты бастауыш сыныптарда оқытуға негіз болатын факторлар мыналар:

- бастауыш мектеп оқушысын ақпараттық қоғамға бейімдеу;
- ерте жастан балалардың ақпараттық ойлау қабілетін дамыту;
- бастауыш мектеп оқушыларының ақпараттық мәдениетін қалыптастыра отырып, әлемдік ақпараттық білім кеңістігіне даярлау [3].

Бастауыш мектепте кез келген пәнді оқыту жалпы бастауыш сыныптың мақсатына сәйкес болуы және өзінің пәндік шеңберінде бастауыш білім берудің ортақ міндеттерін шешуге бағытталуы тиіс.

Бастауыш мектепте жалпы білім алу білімді игеру деңгейі кейінгі оқу процесі кезінде табысты болуды қамтамасыз ететін шеберлік пен дағдының құрылымы болып табылады.

Сонымен қатар бастауыш мектепте информатиканы оқыту келесі мақсаттарға жетуге бағытталған базалық курсты оқыту міндеттерін шешуі тиіс:

- базалық білімдер жүйесін меңгеру;
- ақпараттарды жинау мен талдау кезінде компьютерлік технологияларды қолдана білу шеберлігі;
- әр түрлі оқу пәндерін оқу барысында танымдық қызығушылық пен информатикалық әдістерді қолданудың дамуы;
- ақпараттық қызметте этикалы және құқықтық шаманы сақтауға жауапкершілікпен қарауға тәрбиелеу.

Сонымен қатар бастауыш мектепте информатиканы оқыту білім беру тәсілінен бірлесіп алған білім парадигмасы арқылы инновациялық тәсілдер негізінде өткізілу керек екендігі айқын.

Информатиканы оқытудағы перспективті тәсіл келесідей мақсаттарды жүзеге асыруға бағытталуы тиіс:

- әлемнің ақпараттық көрінісі туралы түсінігін дамыту;
- қоғамда ақпараттық технологиялардың рөлі мен орны туралы түсініктерін қалыптастыру;
- ақпаратты алу мен өңдеуде тұрақты дағдыларды қалыптастыру;
- қызмет ортасында өзгеріп отыратын ақпараттық қоғамға тез бейімделу қабілеттерін дамыту;
- өмір бойына ақпараттық дайындығын ары қарай жетілдіріп отыру.

Кіші мектеп жасындағы балаларда болашақта табысқа жеткізетін оқуға деген талпыныс пен қызығушылық, ең берік білім мен әдет қалыптасып, ойын жинақтай бастайды. Осы арқылы да бастауыш сыныпта информатика пәнінің негізгі ұғымдарын оқу керектігін түсінуімізге болады.

Информатика курсы жоғарғы сыныптардан төменгі буынға көшіру қажеттіліктерін осы бағыттағы жүргізілген ғылыми зерттеулер көрсетті. Бұған дәлел ретінде информатиканы төменгі сыныптарда оқыту жөнінде жүргізіліп жатқан мұғалімдердің эксперименттері мен жарияланып

жатқан мақалалары, сондай-ақ 1–4 сыныптар үшін информатикадан ұйымдастырылған үйірме жұмыстары мен факультатив сабақтарды айтуға болады.

Информатика курсының бастауыш сыныптарда оқытылуы жөнінде шетелдерде және Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы (ТМД) елдерінде бірқатар жинақталған тәжірибелер бар.

Көптеген әдіскер-ғалымдар мен оқытушылар информатиканы пән ретінде жоғарғы сыныптарда оқыту оқушылардың компьютерді пайдалану дағдысының қалыптасуын кешеюілдетеді, бұл пәнді оқу барысында қалыптасатын дағды бір ғана пәнге тән емес екенін, жалпы білім беретін мәні бар болып есептелетінін атап көрсетеді [4].

Біздің балаларымыздың ертеңгі күні — бұл ақпараттық қоғам. Компьютермен жұмыс жасау, толықтыру, қисындау және керек ақпаратты іздей білу қажет. Жылдан жылға өздерінің дербес компьютерлері бар оқушылардың саны артуда. Балалардың компьютердің мүмкіндіктерімен танысуы үлкендердің басшылығымен болғаны дұрыс (ата-ананың немесе мұғалімнің). Бірінші сынып оқушысы алғаш рет мектеп табалдырығын аттатағанда көп жаңалықты ашу керек болатын білім әлеміне түседі. Әрбір бастауыш сынып мұғалімі баланы шығармашылық үдеріске тартудың тиімді жолдарын білуі қажет. Олар:

- ойын;
- жағымды эмоционалдық жағдай туғызу;
- топпен жұмыс;
- проблемалық оқыту.

Бастауыш сыныптарда бала үшін оқудың негізгі саласы ойын болып табылады. Ойын және ойын жағдайлары баланың жан-жақты ой-өрісінің дамуына да, тәрбиесіне де әсер етеді. Сонымен қатар әр түрлі педагогикалық мәселерді де шешуге көмектеседі. Информатиканы әр түрлі ойын әдістемесі негізінде өткізу өте пайдалы. Себебі бұл өзіне барлық жұмыс түрлерін қосып баланың шығармашылықпен жұмыс істеуіне, ой-өрісінің дамуына кең мүмкіндік береді.

Ойындар оқушылардың ой-өрісін дамытып, ойлау қабілетін арттырумен қатар, үйретілген, өтілген тақырыптарды саналы да берік меңгеруге үлкен әсер етеді. Ойындар оқушылардың шығармашылық ойлау қабілеттерін жетілдірумен қатар, сөздік қорларын молайтып, сауатты жазуға да баулиды. Оқушылар ойын ойнау барысында үйренген сөздерін айтып қана қоймай, оның қандай мағынада қолданылатынын да біледі. Ойын оқу пәндерінің мазмұнымен тығыз байланыста жүргізілгенде ғана дұрыс нәтижелер береді.

Жаңа ақпаратты іздеу үшін адамнан білім мен дағдының дамуын талап ететін қоғамға қызметтің жаңа әдіс-тәсілдері керек, оның өңдеуінің, басқа адамдарға көрсету, жаңа нысанның және үдерістің модельдеулері, өзіндік жоспарлау мен өз әрекетін құрастыру. Бірінші сыныптан бастап оқу, жазу дағдысымен қатар, компьютерлік техниканы күнделікті өмірде оқу құралы ретінде пайдалануды үйрету өте маңызды.

Бастауыш мектепте қазіргі ақпараттық технологияның мүмкіндіктерін сауатты игеру ықпал етеді: танымдық қызметтің белсенділігіне; оқушылардың сапалы үлгерімінің көтермелеуіне; қазіргі бастауыш мектептің сабақтарында пайдалануға арналған электрондық оқу материалдардың көмегімен оқытудың мақсатына жету; кіші мектеп жасындағы оқушылардың өзіндік оқу және өз-өзін бақылау дағдысын дамыту; сабақта отырғандарда белсенділік пен талапшылдықтың көтермеленуі; оқушыларда ақпараттық ойлаудың дамуы; ақпараттық-коммуникациялық құзыреттіліктің қалыптасуы; бастауыш сынып оқушыларының компьютерде жұмыс жасағанда қауіпсіздік ережелерін сақтау дағдысын қалыптастыру.

Мектепте оқылатын информатика пәні қарқынды дамып келе жатқан информатика ғылымының мазмұнын құрайтын сан алуан мәліметтерді қамти алмайды. Дегенмен, мектеп пәні ретінде жалпы білім беру қызметін атқара отырып ғылымның мәнін ашатын, өте елеулі іргелі ұғымдар мен мәліметтерді, ұғымдарды қамтып, мектепте оқушыларды басқа ғылымдардың негізін оқып үйрену үшін сонымен қатар жастарды заманауи ақпараттық қоғамдағы болашақ қызмет пен өмірге дайындауға, қажет білім, біліктіліктерімен, дағдыларымен қаруландыруы тиіс [4].

Информатика оқушы қолына ақпаратты өңдеу, сақтау және тасымалдау құралын беретін пән болып табылады. Сондықтан информатиканы дербес компьютерде жұмыс істемей үйрену мүмкін емес. Оқушылардың компьютерде өзіндік тапсырмаларды орындап, жеке жұмыс істеуі тиімді түрде өтуі үшін әр түрлі деңгейдегі тапсырма, карточкалардың көлемді базасы болу керек. Осы карточкалық базаларды тұрақты түрде пайдалану оқушылардың шығармашылық белсенділігін, өзін-өзі бақылауын арттырып, практикалық сабақтардың да санын көбейтуге мүмкіндік береді. Ол

оқушылардың білім сапасын жетілдірудің негізі деуге болады. Компьютерлік бағдарламалар арқылы әр түрлі есептер, ойындар, жобалар, суреттер салуға компьютерді меңгерген кез келген адамның мүмкіндігі болады. Пәнге қызыққан оқушы ғана белсенділік танытатыны бәрімізге белгілі, сондықтан оқушылардың сабаққа ынтасының жоғары болуы, жоғарғы деңгейде көрінуі ұстазға жүктелетін міндет. Қазіргі кезде оқушылардың компьютерге деген қызынушылығы басым. Сабаққа алғаш келген күннен бастап компьютер туралы көп білгісі келеді. Бала үшін компьютермен жұмыс жасау, олардың жаңа технологияларды меңгеріп, сауатты жазып үйренуіне, компьютердің құрылысы туралы алғашқы ұғымдарды білуге жетелейді.

Бастауыш мектепте информатика және ақпараттық технологияны оқыту келесідей мақсаттарға жеткізеді:

- қоршаған ортаның ақпараттық тасқындарын бағалау дағдысының дамуы;
- ақпараттың тәжірибелік әдісін меңгеру: ізденіс, талдау, өзгеріс, жіберу, ақпаратты сақтау және оны оқу барысында немесе күнделікті өмірде қолдану;
- алғашқы компьютерлік сауаттылықтың және ақпараттық мәдениет элементтерінің қалыптасуы;
- ақпараттармен алмасу дағдысының дамуы, бар техникалық құралдармен жұмыс жасау (телефон, компьютер т.б.). Кіші жастағы мектеп оқушыларына мақсатты түрде тек қана компьютерлік сауаттылықта ғана үйретіп қоймай, информатика негіздері туралы алғашқы білімдер беру, негізгі білімдерін қалыптастыру және жұмыс істеу әдісін үйрету;
- ақпаратты өңдеу аймағындағы компьютердің мүмкіндіктері туралы түсінік қалыптастыру (компьютер сурет салуда, есептеуде, жазуда), ақпараттарды сақтау (компьютер суреттерді, сандарды, мәтіндерді сақтап қалады) және ақпараттарды жіберу (адамнан компьютерге, компьютерден компьютерге, компьютерден адамға);
- негізгі ұғымдармен танысу: ақпарат, тіл, білім, қалып, алгоритм, құрылым және т.б.;
- пернетақтамен жұмыс істеу дағдысын қалыптастыру (мәтін теру, сандарды теру, қозғалысты және нысанның дисплей экранындағы тіркелімін басқару, мәзір бойынша жұмыс істеу тәртібін таңдау).

Информатиканың әдістерін көрсететін жұмыстың әдіс-тәсілдерін меңгеру: формалдауды (компьютерде орындалуын бағдарлаумен тапсырманың шарты мен оны шешуді сипаттау), алгоритмдеуді («тарамдау», «талғам», «топтама» сияқты қарапайым құрылымдық жауаптар), компьютерді қолдану арқылы қарапайым тапсырмаларды шешу (ауа райын, өсімдіктер мен жануарлар өмірін бақылау барысында компьютерлік күнделік жасау).

Компьютерді оқыту білім алушыларға компьютерлік сауаттылықты үйретумен ғана шектеліп қалмай, алгоритмдік ойлау, логикалық ойлау дағдысын қалыптастырады. Бастауыш сыныпта информатика курсы оқытуда оқу-әдістемелік жинақтамалармен жүргізілетін түрлі жолдары бар.

Бастауыш сыныпта информатика пәнінде оқытушылар әрбір оқушының жеке мүмкіншіліктерін ескере отырып, оқу үдерісін тиімді ұйымдастыруға мүмкіндік беретін келесідей әдістер мен сабақ түрлерін ұсынады:

- диалогтар;
- топпен жұмыс;
- ойын әдістері;
- ақпараттық минуттар;
- эвристикалық тіл табу.

Жаңа ақпараттық технологияларды пайдалану арқылы оқушы мен мұғалім арасындағы зерттеушілік, эвристикалық сипаттағы іс-әрекетіне байланысты жүзеге асыруға болады. Оқушылардың есте сақтау зейіндік қабілеттерін дамыту, пәнге деген қызығушылықтарын арттыру мақсатында сабақты шығармашылық, ізденушілік жұмыстары арқылы өткізген өте тиімді. Ол үшін оқушылар алдын ала берілген тақырып бойынша ізденіс жұмысын жүргізеді. Оқушылар берілген тақырыптар бойынша өз беттерімен ізденіп, алған білімдерін бір-біріне түсіндіре отырып, компьютерде тапсырмалар орындайды. Әр сабақта жеке бағалау парағы бойынша барлық оқушылардың білімі бағаланады [5].

Компьютерлік технологияны қолдану сабақ мазмұнын кеңейтуге мүмкіндік береді. Нәтижесінде кіші жастағы мектеп оқушыларында шаршағыштық сезімі төмендеп оқу үдерісі еркін түрде және тез өтіп кетеді. Бала шығармашыл, бастамашыл болады, оқу үдерісінің жақсы өтуіне ықпал ететін психикалық үдерістер (ойлау, қабылдау, көңіл аудару, жадыда сақтау, қиял) іске қосады. Балада білім алуға көмекші құрал ретінде компьютерді пайдалануға деген қажеттілік қалыптасады.

Бұдан ақпараттық-коммуникациялық технология құралдары ақпаратты жинақтау, сақтау, өңдеу және бейнелеуді қамтамасыз ететін бірыңғай технологиялық тізбекке біріктірілген әдістер, өндірістік үдерістер және программалық техникалық құралдар жиынтығы, ол өз кезегінде ақпараттық ресурстарды пайдалану үдерісінің оңтайландырады, сондай-ақ оның сенімділігі мен жылдамдығын арттыратын құралдар болып табылатынды дей келе, оған Д.Н. Исабаева төмендегідей анықтама береді: «Ақпараттық-коммуникациялық технология құралдары компьютерлік техника мен желілерді қолдану негізінде ақпараттық үдерістерді жүзеге асыруға бағытталған аппараттық және программалық құралдар» [6].

Білім беру жүйесіндегі ақпараттық-коммуникациялық технология құралдарды аппараттық және бағдарламалық құралдарға бөлуге болады. Төмендегі кестеде аппараттық және бағдарламалық құралдардың түрлері көрсетілген.

К е с т е

Аппараттық және бағдарламалық құралдардың түрлері

Аппараттық құралдар	Бағдарламалық құралдар
Компьютер — кез келген ақпаратты өңдеуге арналған әмбебап құрал	Ақпараттың өзегі — интернет — ұйымдастырылған ақпараттық массивтер — компьютердегі энциклопедиялар, ақпараттық сайттар және Интернет жүйесі
Интерактивтік тақта — оқыту үдерісінде, оқытудың екі жақты процесі, оқу сабақтарын ұйымдастыруға және семинарлар мен пікірталастар өткізуге ыңғайлы құрал	Виртуалды конструкторлар — көрнекілік, математикалық және физикалық нақтылықтың символдық үлгілерін құрастыруға, осы үлгілерге эксперимент жүргізуге мүмкіндік береді
Телекоммуникациялық блок — әлемдік ақпараттық ресурстарға кіруге мүмкіндік беретін қашықтықтан оқытуға, басқа да білім беру мекемелерімен хат алысуға көмектесетін құрал	Жаттықтырғыштар — ақпараттық нысандармен жұмыс жасау дағдысын қалыптастыруға — мәтінді енгізу, экрандағы графикалық нысандармен жұмыс, жазбаша және ауызша жұмыстар жүргізуге бағытталады
Принтер — мұғалім мен оқушылардың дайындаған ақпараттың қағазға шығаруға арналған құрылғы, сабақ барысында кез келген мәтінді шығарып, оқуға болады	Компьютерлік тест программалары — оқушылар автоматты түрде компьютер арқылы тапсырманы орындайды және нәтижесін алады. Компьютер оқушыны бағалайды
Проектор — сабақтың көрнекілік деңгейін арттыруға және оқушылардың өз жұмыстарының нәтижесін көрсетуге арналған құрал	Оқытушы кешендік жиынтық (электрондық басылым) — жоғарыда аталған программалық құралдардың сәйкестігіне қарай дәстүрлі түрде оқыту үдерісін автоматтандырады, мұғалім мен оқушы іс-әрекетін дербестендіреді
Пернетақта және тышқан — Мәтіндік ақпаратты енгізуге және экрандағы нысандарды басқаруға арналған құралдар	Басқарудың ақпараттық жүйелері — білім беру үдерісінің барлық қатысушыларымен — оқушылар, мұғалімдер, басшылық, ата-аналар, қоғам мүшелерінің арасындағы ақпараттық ағындардың жүруін қамтамасыз етеді
Мектептегі және сыныптағы желі — ақпараттық желіге кіруге мүмкіндік беретін ақпараттық, техникалық және уақыттық ресурстарды тиімді қолдануға көмектеседі	
Дыбыс-бейне құралдары — сканер, фотоаппарат, бейнекамера, магнитофон қоршаған әлемнің ақпараттық бейнесін оқыту үдерісіне енгізуге мүмкіндік береді	

Аталған құралдарды өзінің ерекше қызметімен қатар, оқушылардың танымдық қызығушылығын қалыптастырудың құралы ретінде қамтамасыз ету мәселесі де өзекті болып отыр. Бұл ақпараттық-коммуникациялық технология құралдарын бастауыш мектептің оқу үдерісіне қолдануды психологиялық-педагогикалық тұрғыдан қайта қарауды қажет етеді.

Оқыту үдерісіне аталған құралдарды қолдану қазіргі психологиялық және педагогикалық ғылымдардың мәліметтеріне негізделі отырып, оқыту қағидалары мен мазмұны оңтайландырылған жағдайда ғана дидактикалық қағидалар жүйесіне бағынады. Мұндағы негізгі мәселе дәстүрлі дидактикалық қағидаларды ауыстыруда емес, кез келген жағдайда оны тиімді пайдалануға мүмкіндік

беретін, дәлірек айтқанда, оқыту үдерісі дербес компьютердің көмегімен ұйымдастырылған жағдай үшін дидактикалық қағидалардың жаңа мазмұнмен толықтырылып, қайта қаралуында болып отыр. Білім мазмұны негізінен оқыту қағидаларына сүйеніп тандалады. Төменде бастауыш мектеп оқушыларының оқу үдерісіне ақпараттық-коммуникациялық технология құралдарын қолдану арқылы танымдық қызығушылығын қалыптастыру мазмұнын анықтауға негіз болатын оқытудың жалпы дидактикалық қағидалары көрсетілген:

– *теория мен практиканың байланыстылығы қағидасы* бойынша бастауыш мектеп оқушыларының танымдық қызығушылығын қалыптастыру мазмұны теория мен тәжірибені байланыстырыла отырып берілуі тиіс. Қазіргі бастауыш мектепте оқушының интербелсенді, қызығушылықпен өзіндік жұмыс жасауына ерекше мән беріліп келеді. Ал оқыту үдерісіне ақпараттық-коммуникациялық технология құралдарын пайдалану оқушылардың ынта-ықыласын, танымдық қызығушылығын, эвристикалық, шығармашылық іздену қызметін қалыптастыруға бағытталады. Сондықтан аталған құралдар арқылы берілген проблемалық-ізденуші және зерттеушілік тапсырмалар теория мен практиканың байланысын көрсететіндіктен, ұсынылған қағиданы толық іске асыруға мүмкіндік береді;

– *ғылымилық қағидасы*, кейінгі кезде бастауыш мектеп оқушыларының ғылыми жұмыстарды жаза білу, зерттеу жұмыстарының нәтижесін шығару, сонымен қатар оқыту үдерісінде соңғы ғылыми жетістіктердің болуымен анықталады. Оқу материалына ақпараттық-коммуникациялық технология құралдары арқылы ғылыми танымның негізгі әдістері: эксперимент, салыстыру, бақылау, абстракциялау, жалпылау, нақтылау, ұқсастық, индукция және дедукция, талдау және синтез, модельдеу және жүйелі талдау жүргізілетіндей болуымен сипатталады;

– *жүйелілік және бірізділік қағидасы* мұғалім оқу материалын бірыңғай жүйемен әрбір соңғы ғылыми қағиданы кейінгі сабақтарда өрістетіп, өткен мен жаңа материалдарды сабақтастырып отырса, оқушылар білімді сапалы, саналы, әрі баянды түрде меңгеретіндігімен анықталады. Мұны ақпараттық-коммуникациялық технология құралдарын қолдану арқылы жүзеге асыруға болады, өйткені бұл құралдар арқылы ақпаратты оқу материалының логикасына және оқушылардың танымдық мүмкіндіктеріне негізделіп, тізбектелген түрде беруге мүмкіндік береді. Мұнда мұғалім оқу материалдарының ішінен өзекті мәселелерді іріктеп, оқушылардың санасына сіңіре білуі керек. Бұл орайда оқушы аталған құралдармен жұмыс жасау барысында оқытудағы жүйелілікті, тізбектілікті өзі ұйымдастырады;

– *пәнаралық байланыс қағидасы* бастауыш сынып оқушыларының аталған құралдар арқылы танымдық қызығушылығын қалыптастырудағы негізгі қағидалардың бірі болып табылады. Тек қана бір пән бойынша берілген оқу мазмұнын меңгеру танымдық қызығушылығын қалыптастыруға мүмкіндік бермейді. Әр түрлі пәннен алынған білімді тәжірибеде және білімнің әр түрлі саласында қолдану арқылы оқушылардың білімі нақтыланады, танымдық қызығушылығы қалыптасады. Пәнаралық байланысты жүзеге асыру бүгінгі таңда аталған құралдарды қолдану арқылы нақты болмыста кездесетін күрделі мәселелерді шешуге болады. Бұдан басқа, ақпараттық-коммуникациялық технология құралдары арқылы неғұрлым материал әр түрлі пәндер бойынша біліммен, әрі күнделікті өмірмен байланыстырылып берілсе, соғұрлым оқу материалы жақсы меңгерілетін мүмкіндігінің де бұл қағиданы жүзеге асырудағы орны зор;

– *лайықтылық қағидасы*, ақпараттық-коммуникациялық технология құралдары арқылы түсіндірілетін оқу материалы оқушылардың физиологиялық және психологиялық ерекшеліктеріне сәйкес, оқу уақытына өлшеніп берілуімен анықталады;

– *жағымды мотивация және оқытуда эмоционалды климат құру қағидасы*, олар білім мазмұнын оқытудың ішкі түрткілерін ынталандыру негізінде: қызығу, қажеттілік, тануға ұмтылысы. Ақпараттық құралдар арқылы танымдық қызығушылықты қалыптастыруда оқу мазмұнының эмоционалды қызықты болуымен және мұғалім сабақты оқушылардың есінде қалатындай тартымды өткізуі тиістігімен сипатталады;

– *мәдениетке сәйкестік қағидасы*, қазір ақпараттық қоғам бастауыш мектептен бастап оқушылардың бойында ақпараттың ағынымен жұмыс істеуге деген қабілеттіліктің, компьютерлік сауаттылықтың, құзырлылықтың, ақпаратты мәдениеттіліктің болуын талап етуге бетбұрыс жасағандықтан, бұл қағида аталған тетікті жүзеге асыруға көмектеседі.

Кез келген халықтың мәдениеті өмір сүріп отырған қоғамына байланысты дамиды. Мәдениетке сәйкестік мәні, ең алдымен, өсіп келе жатқан жас ұрпақты ақпараттық қоғамдағы ұлтымыздың мәдениетінің байлығымен, халықтың болмысымен, салт-дәстүрімен таныстыру, өмірмен

байланыстыру, өз деңгейінде ақпаратпен сауатты жұмыс жасай білуге баулудың негізінде танымдық қызығушылық қалыптасады.

Оқушылардың толыққанды мәдениетті болуын қамтамасыз ету оның барлық компоненттерін ескеретін кешенді оқу-тәрбие үдерісінде ғана мүмкін болады. Оқу үдерісіне ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалануға мұғалімдерді дайындау барысында оқыту құралдарының негізгі мүмкіндіктерін пайдаланудың міндетті білім көлемін, іскерлік пен дағдылардың қамтамасыз етілуі тиіс. Ол, ең алдымен, әдістемелік, ғылыми көзқарас, жалпы мәдени, гуманитарлық, арнайы және әдістемелік аспектілерді қамтитын ақпаратты өңдеу үдерісінің мәнін түсіну болып табылады.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Қазақстан Республикасының Білім туралы Заңы, Астана, 2007. — [ЭР]. Қолжетімділік тәртібі: <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1100000487>
- 2 *Бидайбеков Е.Ы.* Информатиканы оқыту әдістемесі. — Алматы, 2011. — 47-б.
- 3 *Әбішева Д.* Бастауыш сыныпта информатика пәнін енгізудің қажеттілігі // Информатика негіздері. — 2012. — № 8. — 13-б.
- 4 *Мыңжасарова М.Ж.* Бастауыш сынып оқушыларына информатиканы оқытудың ерекшеліктері // Бастауыш мектеп. — 2012. — № 10. — 7–8-б.
- 5 *Шокибаева Р.* Жаңа ақпараттық технологияларды сабақ барысында қолдану // Информатика негіздері. — 2013. — № 11. — 3-б.
- 6 *Исабаева Д.Н.* Кіші мектеп жасындағы балалардың танымдық қызығушылығын ақпараттық-коммуникациялық технология құралдары арқылы қалыптастыру әдістемесі // 12 жылдық мектеп мұғалімін кәсіби даярлаудың проблемалары: Респ. ғыл.-практ. конф. материалдары. — Алматы, 2008. — 317–321-б.

Б.К.Шаушекова, Б.Далелхан

Значимость обучения предмету «Информатика» в начальной школе

В статье рассматривается роль предмета «Информатика» в начальной школе, в частности, первоначальные представления о свойствах информации, способах работы с компьютером. Авторами выделены вопросы повышения интереса к учебе у учеников начальной школы. Проанализированы виды и средства информационно-коммуникационных технологий, внесших большие изменения в систему образования. Показаны эффективные пути формирования познавательного интереса учеников как дидактической основы. Рассмотрены общие дидактические принципы использования информационно-коммуникационных технологий в учебном процессе начальной школы.

B.K.Shaushekova, B.Dalelkhan

The significance of the teaching of the subject «Informatics» in primary school

The article discusses the role of the subject «Informatics» in primary school, in particular on the initial view of information properties and how to work with computer. The authors highlighted the issue of increasing interest to the pupils of primary school. It was analyzed the types and means of information and communication technologies, have made great changes in the education system. It is showed effective ways of forming of the cognitive interest of students as didactic basics. It is considered the General didactic principles of using information and communication technologies in the educational process in primary schools.

References

- 1 *The education act in the Republic of Kazakhstan*, Astana, 2007, [ER]. Access mode: <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1100000487>
- 2 *Bidaibekov E.Y. Methods of teaching informatics*, Almaty, 2014, p. 47.
- 3 *Abisheva D. Informatics basis*, 2012, 8, p. 13.
- 4 *Mynzhasarova M.Zh. The primary school*, 2012, 10, p. 7–8.
- 5 *Shokibaeva R. Informatics basis*, 2013, 11, p. 3.
- 6 *Isabaeva D.N. Problems of the vocational training of teachers for 12 year school. Materials of the republic scientific and practical conference*, Almaty, 2008, p. 317–321.